

Т.Б. Жумагулов
Ғ.С. Дарибаев

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан
(Email: zhumagulov.timur@mail.ru., galimzhan_2016@mail.ru)

Азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттырудағы мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары

Аңдатпа. Қазіргі қоғам талаптарына сай азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру мемлекет алдындағы негізгі басым бағыттардың бірі десек болады. Себебі, азаматтар арасындағы мемлекет тарапынан қабылданған заңдарды білмеушілік, заңнамаларда айқындалған өз құқықтары мен міндеттерін жете түсінбеу, заңға деген құрметсіздік құқықтық нигилизмнің пайда болуына және әртүрлі сипаттағы қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылықтардың орын алуына әкеп соғуы мүмкін. Бұл өз кезегінде мемлекеттегі құқықтық саясатты, азаматтардың құқықтық санасын арттыру мәселесін қайтадан қарастыруды қажет етеді. Жалпы қоғамда тыныштық пен құқықтық тәртіптің орнығуы ең алдымен сол қоғам мүшелерінің құқыққа деген оң көзқарасының нәтижесі болып табылады. Құқықтық сана неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым қоғамда құқық бұзушылықтың динамикасы төмен болады және мемлекеттегі құқықтық тәртіп жүйесі нығая түседі. Сондықтан құқықтық сана және құқықтық мәдениет ұғымдарының мәнін анықтай отырып, қазіргі таңдағы елімізде азаматтар арасында құқықтық сананы арттыру бағытында жүргізіліп жатқан мемлекеттік іс-шаралар жүйесінің тиімділігін анықтау, нәтижелеріне талдау жасау бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Кілт сөздер: құқықтық сана, құқықтық мәдениет, мемлекеттік реттеу, құқықтық білім беру, тұжырымдама, құқықтық реформа, стратегия, Президент жолдауы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-139-2-19-37>

Кіріспе

Қоғамдық сананың бір тармағы – құқықтық сана. Құқықтық сана – ойлар мен сезімдердің жиынтығы, әлеуметтік құрылымдардың (таптардың, ұлттардың, халықтардың) әрекеттегі және қажет ететін құқыққа қатынасын көрсетеді. Адамның құқықтық шындыққа субъективтік реакциясына байланысты, құқықтық сана, бір жағынан, қоғамдық сананың (түрі) нысаны (өнегелілік, саяси, діни және эстетикалықпен қатар), ал екінші жағынан, құқық жүйесінің маңызды элементі. Құқық және

құқықтық сана тығыз байланыста болады. Кеңестік әрі ресейлік заңгер ғалым С.С. Алексеев құқықтық сананы құқықтың құтыла алмайтын серігі деп көрсетеді. Шын мәнісінде құқық тәртіптің интеллектуалды-еріктегі тәртіптің реттеушісі, онда қалыптасу және қызмет жасауы адам санасымен және еркімен жанасуы міндетті. Тарихи жағынан құқықтық сананың қалыптасуы мемлекет пен құқықтың пайда болуымен қатар және екеуінің қайсысы бұрын пайда болды дегенде марксизм еңбектерін негізге алар болсақ, құқықтық сана құқықтық идеялар түрінде құқықтан бұрын

болған [1, 98]. Бұл дұрыс айтылған пікір. Себебі, құқық – қоғамдағы адамдардың арасындағы қарым-қатынасты реттейді, ал құқықты жүзеге асыру, оның орындалуы адамдардың тікелей санасымен байланысты. Адам өз құқықтарын саналы түрде жүзеге асырады. Мемлекет қабылдаған заңдар да адамдардың санасына әсер етеді. Құқықтың тәжірибе жүзінде іске асуы адамның санасымен өзара тығыз байланысты.

Қоғамдық сананың спецификалық формасы ретіндегі құқықтық сананың ерекшелігі келесідей:

1. Құқықтық сана қоғам өмірінің құқықтық жағын құрайтын құбылыстарды ғана бейнелейді. Ол құқықтық нормаларды құру процесін және олардың талаптарын қоғамдық өмірде жүзеге асыруды қамтиды. Саяси және адамгершілік идеялар құқықтық нормаларды құруға және жүзеге асыруға әсер етеді. Бірақ құқықтық нормалардың тәжірибеде іске асырылуы құқықтық санаға байланысты болып табылады.

2. Құқықтық сананың ерекшелігі қоғамдық өмірдегі құбылыстарды бейнелеу тәсілінде де көрініс табады. Қоғам өмірінің заңды құбылыстарынан хабардар болуарнайы құқықтық ұғымдар мен категориялар арқылы жүзеге асырылады. Мысал ретінде айтар болсақ, мемлекеттің құқықтық жүйесі туралы білу үшін, ең алдымен азаматтарда құқықтық ұғымдар жайлы түсініктері қалыптасуы керек. Солардың қатарында заңдылық, құқықтық қатынас, құқықтық жауапкершілік, заңдылық секілді негізгі ұғымдарды білуі маңызды [2, 98-99].

Қоғамдық сананың формасы ретінде құқықтық сана дегеніміз - адамдардың мемлекеттегі заңдарға, құқыққа, олардың қағидалары мен мәніне, әділсөзге және тілегіндегі құқыққа деген идеялар, теориялар мен сезімдердің жүйелік жиынтығы. Құқықтық сана мен мәдениет қоғамдық қатынастарда айналымға түсетін құқықтың мәнін аналитикалық анықтау үшін қолданылады. «Құқықтық» префиксі жалпы мәдениеттің заңмен, құқықтық институттармен, заңды тұлғалармен және олардың мінез-құлқымен байланысты жағын сипаттайды. Құқықтық сана микро деңгей-

дегі әлеуметтік іс-әрекетке, атап айтқанда адамдардың заң мағыналарын ойлап табу мен түсіндіру тәсілдеріне жатады [3]. Құқықтық сананы азаматтардың мемлекет қабылдаған заңдарға, мемлекеттің құқықтық жүйесіне деген көзқарастары десек болады.

Заң әдебиеттерінде құқықтық сананың 2 құрылымдық элементі бар: құқықтық психология және құқықтық идеология.

Құқықтық психология заң және құқық қорғау органдарымен қақтығыс кезінде пайда болатын адамдық сезімдермен байланысты әртүрлі әлеуметтік құрылымдар және адам әділеттілік пен жеке мүдделердің қабылдану дәрежесін бағалаған кезде есепке алынады. Құқықтық психология әділеттілік, эмоциялар, көңіл-күй, әдеттер және т.б. сияқты сезімдерден тұрады. Ол адамның мемлекеттік немесе үкіметтік емес институттарға деген сеніміне немесе сенімсіздікке негізделген стереотиптер, шешімдер, соттар, құқықтардың бұзылуына төзбеушілік, белгілі бір заңдарды құрметтеу немесе құрметтемеу туралы сенім, құқықтарды қорғауға деген шешім және т.б. Ал құқықтық идеология - бұл адамдар мойындайтын құқықтық идеялар, теориялар мен тәсілдер жүйесі. Құқықтық идеологияның құқықтық психологиядан айырмашылығы, мақсатты бағытталған құқық туралы ойлау жүйесі болып саналады. Ол әртүрлі әлеуметтік топтардың саналы мүдделерін көрсетеді, олардың талаптары мен құралдарын негіздейді және заңды тәртіпке айналады [4].

Ендігі кезекте құқықтық сананың түрлері мен деңгейлеріне талдау жасап өтейік. Құқықтық сана біріншіден, субъектілеріне байланысты жеке, топтық және қоғамдық болып бөлінеді.

Жеке құқықтық сана дегеніміз - жеке адамның құқыққа деген сезімдері мен ойлары, құқыққа дербес қатынасы. Аталған құқықтық сананың түрін жеке тұлғаның, индивидтің мемлекеттің құқықтық жүйесіне, құқыққа деген өзіндік көзқарасы деп атасақ болады.

Топтық немесе ұжымдық құқықтық сана - нақты бір сала бойынша топтасып қызмет істейтін адамдар арасында атқаратын қызметі негізінде қалыптасатын құқыққа қатысты ой-сезімдерінің, көзқарастарының жиынтығы.

Мысалы, 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заң жобасының мазмұнын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, депутаттар, министрлік өкілдері еліміздің әр түкпірінде жалпы жұртшылыққа, әсіресе болашақ жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін педагог қауымына кеңінен түсіндіру және насихаттау жұмыстарын жүргізді. Ресми түсіндірме берудің нәтижесінде заң барлық педагог қауымның қолдауына ие болды. Еліміздегі білім беру саласының қызметкерлері заңның қабылдану тәртібіне, мазмұнына өздерінің көзқарастары мен бағаларын берді. Сонда бұл білім беру саласы мамандарының ұжымдық құқықтық саналарының қалыптасқандығын көрсетеді.

Қоғамдық құқықтық сана нақты бір мемлекетте өмір сүретін адамдар арасында құқыққа қатысты қалыптасқан біркелкі ой-сезімдерінің жиынтығы. Қоғамдық құқықтық санының деңгейі көбінесе мемлекеттің жүргізіп отырған құқықтық саясаты мен билік жүргізу әдіс-тәсілдеріне тікелей байланысты болады.

Екіншіден, құқықтық сана деңгейіне байланысты қарапайым, кәсіби және доктриналдық болып бөлінеді. Қарапайым қоғам мүшелерінің құқыққа қатысты ой-пікірлері, көзқарастары мен сезімдері қарапайым деңгейде болады. Құқықтық білімі жоқ және құқықтың мәнін жетік түсінбейтін адамдар құқыққа қатысты нақты бір жағдайларда өз пікірлерін білдіруі мүмкін. Мәселен, заң білімі жоқ, басқа салада қызмет атқаратын азаматтар мемлекет қабылдаған заңдарға өздерінің көзқарастарын білдіреді.

Кәсіби құқықтық санаға келер болсақ, бұл заң саласында қызмет істейтін немесе арнайы заң білімі бар адамдардың қолданыстағы құқыққа, сонымен қатар, өздерінің кәсіби міндеттеріне қатысты ойлары мен көзқарастарының жиынтығы. Мысалыға айтар болсақ, мемлекетте қабылданған заңдарға, Президент жариялаған жолдаулардағы құқықтық тәртіпті нығайтуға қатысты бағыттарға құқық қорғау органдарының мамандары: судьяларда, прокурорларда және ішкі істер органдарының қызметкерлерінде кәсіби тұрғыдағы көзқарастары мен ой-пікірлері қалыптасады.

Доктриналдық құқықтық сана құқық теориясымен айналысушы, заң ғылымының нақты саласында ғылыми ізденіспен айналысушы зерттеушілердің құқыққа байланысты идеяларының, тұжырымдамаларының, көзқарастары мен ұстанымдарының жиынтығы [5, 132]. Елімізде қабылданған заңдардың мазмұнына, маңыздылығына заң ғылымы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын теоретик ғалымдар өздерінің пікірлерін ұсынады.

Құқықтық сана - азаматтардың мемлекет тарапынан қабылданған заңдарға, жалпы құқыққа деген көзқарастары мен пікірлері болып табылады. Құқықтық сана деңгейінің жоғары болуы құқықтық мәдениетпен тығыз байланысты. Құқықтық мәдениет дегеніміз - азаматтардың қоғамдық тәртіпке, мемлекет қабылдаған заң нормаларына сәйкес өз іс-әрекетін жүйелі түрде ұйымдастыруы. Қоғамдық ортада өзін мәдениетті түрде ұстай білуі, мемлекет тарапынан қабылданған заңдарды білу және оған құрметпен қарау - құқықтық мәдениеттің айшықты белгілері. Дегенмен қоғамдағы құқықтық мәдениет деңгейінің артуына құқықтық нигилизм кері әсерін тигізуі ықтимал. Құқықтық нигилизм - бұл құқықтың әлеуметтік және тұлғалық құндылығын жоққа шығаратын, оны қоғамдық қатынастарды реттеудің жетілдірілмеген тәсілі деп санайтын қоғамдық ой-пікірдің бағыты мен бағдары [6, 176]. Қазіргі қоғам жағдайында халық арасындағы құқықтық құбылыстарға деген енжар қарым-қатынас өзекті мәселелердің бірі десек болады. Мысалы, азаматтардың мемлекет қабылдаған заңнамалардан бейхабар болуы, заңдарға сенбеушілік, әртүрлі сипаттағы құқық бұзушылықтар, сыбайлас жемқорлық фактілері нигилизмнің айқын көрінісі. Сондықтан құқықтық нигилизмнің жолын кесіп, азаматтардың құқықтық санасын арттыру мемлекет алдындағы басты стратегиялық міндеттердің бірі болуы тиіс.

Зерттеу әдістері

Мақалада логикалық-құқықтық, жалпы ғылыми әдістер кеңінен қолданылды.

Талқылау

Биыл еліміздің егемендігін алып, тәуелсіздігін жариялағанына 30 жыл толды. Тәуелсіздіктің ширек ғасырын бағындырған Қазақстан қазіргі таңда әлем мойындаған, халықаралық аренада өзіндік беделі бар мемлекетке айналды. Орда бұзар 30 жылдың ішінде елімізде Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың бастамасымен мемлекетте заң үстемдігін орнатып, халықтың құқықтық санасын арттыру бағытында маңызы жоғары саяси-құқықтық реформалар қабылданды және қазіргі таңда тиімді нәтижелерін көрсетіп келеді. Мәселен, елімізде тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап күні бүгінгі дейін құқықтық білім беру мен тәрбие мәселесіне баса мән беріліп келе жатыр. Осы орайда мемлекет тарапынан құқықтық білім беру жүйесін заңнамалық тұрғыда реттеуге қатысты негізгі нормативтік-құқықтық актілер қабылданған болатын. Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Көбіне құқықтық сананың төмендігі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін дұрыс түсінбеушілік қоғамда жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды дарыту және оны мінез-құлық нормасына айналдыру құқықтық тәрбиенің басты міндетінің бірі болып табылады [7]. Соның бірі - 2007 жылдың 27 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Аталған Заңның 11-бабының 4-тармағында белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру міндеті көрсетілген [8]. Бұл норма құқықтық білім берудің білім беру жүйесіндегі басымдық беретін әрі маңызды бағыттарының бірі екендігін дәлелдей түседі. Қазақстан Республикасы Конституциясының

1-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратындығы және оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі нақты көрсетілген [9]. Бұл дегеніміз, заң үстемдік ететін құқықтық мемлекет тұжырымдамасын жүзеге асыруда және әр адамның өз құқықтары мен міндеттерін білуі үшін құқықтық білім беру өте маңызды орын алады деген сөз. Қазіргі уақытта құқықтық білім беру еліміздегі орта білім беретін мектептер мен арнаулы кәсіптік техникалық білім беретін колледждерде және жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Яғни, білім беру ұйымдарында Құқық негіздері пәні оқытылады. Мәселен, колледждерде «Құқық негіздері» пәні «әлеуметтік-экономикалық пәндер» цикліне жататын гуманитарлық бағыттағы міндетті пән болып табылады. Аталған пәнде мемлекет және құқық туралы, мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы ұғымдар мен құқықтың негізгі және жекелеген салалары жайында мәліметтер қамтылған. Мен өз тәжірибемде 2019 жылы Талдықорған қаласындағы «Білім» гуманитарлы-техникалық колледжінің 4 курс білімгерлері арасында «Қазақстан Республикасының Конституциясы - мемлекет егемендігінің символы» атты тақырыпта интеллектуалды сайыс өткізгем болатынмын. Білім алушыларға Конституцияның қалыптасу тарихы, құрылымына қатысты арнайы сұрақтар мен логикалық есептер берілді. Жалпы, бұл шара білімгерлердің Ата Заңға деген құрмет сезімін арттырып, құқықтық көзқарастарын қалыптастырды деуге болады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы негізінде қолға алынған жаңа «Құқықтық сана – қауымға пана» арнайы жобасы аясында құқықтық білім беру негіздерін танымал ету бойынша кең ақпараттық науқан өткізу міндеті қойылған [10]. Осы орайда, қазіргі уақытта еліміз бойынша өскелең ұрпаққа, тұрғындарға құқықтық білім беруді жетілдіру, соған орай оқулықтар мен оқу құралдарын өмір

талабына сай дайындалған заңдарға негіздеп қайта дайындау жолы алға қойылып отыр. Өйткені, мемлекет, қоғам және жеке адам іс-әрекеттерінің барлығы дерлік құқық нормалары арқылы реттеліп жүзеге асырылатыны белгілі. Демек, қоғамның әрбір мүшесі өз құқықтары мен міндеттерін заң нормалары негізінде жүзеге асыруы тиіс. Құқық нормалары адамның туған сәтінен бастап өмірінің соңғы сәтіне дейінгі қолданылатын заңдылық құралы. Қоғам мүшелері әсіресе, жастар конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, жер, су, экология, салық, қаржы, еңбек, отбасылық құқық салаларын білуі қажет [11, 15].

Заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Ағыбаев «Заң» республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журналының 2019 жылғы №5 санында жарық көрген «Құқықтық мемлекетке білімді заңгерлер керек» атты мақаласында: «Әрбір отбасы бала тәрбиесінде дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының тиімді жақтарын ұрпақтар санасына сіңіріп, оларды заңды құрметтеуге, әділеттілікке, турашылдық жолға түсетіндей етіп тәрбиелеуі қажет. Балабақшаларда еліміздің Ата Заңы – Конституцияда көрсетілген адамның, азаматтың басты құндылықтары – құқықтары мен бостандықтары туралы айқындалған түсініктердің мазмұнын, мемлекеттің, мемлекет рәміздерінің маңызын, мемлекеттік құрылысының негізгі ұғымдарын түсіндіруі тиіс. Орта мектепте оқытылатын құқық негіздері пәнін қайта сапалы түрде дайындап, оны Конституцияға негіздеп шығару керек, осы пәнге бөлінген сағат санын көбейтіп, бір жүктемеге толтырып, дәріс беретін пән мұғалімінің арнаулы заң білімі болуына талап қойған жөн. Өйткені, білім сапасы ұстаздың мамандығына, білгірлігіне тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жалпыға бірдей еңбек қоғамының 20 қағидалары» атты мақаласында да құқық негіздері оқу құралын даярлау, жоғары оқу орындарын бітірген жастардың құқықтық білімді меңгеру қажеттілігі нақты көрсетілген. Осыған орай, аталған пән бойынша жаңа оқу құралын дайындау қажеттілігі

өзінен-өзі туындап отыр»-деп нақты атап көрсетеді [12, 15]. Шын мәнінде, ғалымның айтқан пікірі өте дұрыс. Құқықтық білім берудің алғашқы элементтері балабақшадан басталуы тиіс. Оның формасы өте қарапайым түрде болуы қажет. Яғни, бүлдіршіндерді тәртіпті болуға, белгілі бір ережелерді орындауға, үлкендерді сыйлауға үйрету, Отан туралы түсінік беру олардың бойында патриоттық сезімді арттырып, нормаға сай әрекет ету дағдыларының бірінші кезеңдегі белгілерін қалыптастырады. Ал орта білім беретін мектептерде өткізілетін құқық негіздері пәніне берілетін сағат санын көбейту де пәннің маңыздылығын арттыра түседі. Мен өзімнің педагогикалық тәжірибемнің негізінде нақты айта аламын: құқық негіздері пәні көптеген студенттердің құқықтық білім деңгейін арттырып, олардың қоғамдық қатынастардың заң аясында реттеліндігін және өз құқықтары мен міндеттерін күнделікті өмірде білудің қажеттілігін түсінуге сеп болды.

Құқықтық білім беру ісін реттеудегі нормативтік-құқықтық актілердің қатарында Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» №2347 қаулысының негізінде қабылданған «Қазақстан Республикасында оқушы жастарды құқықтық оқытудың жүйесін дамыту туралы» заңы да атап өтсе болады. Нормативтік құжат өзінің заңдық күшін жойғанымен, құқықтық білім беру мәселесін шешуге қатысты бағыттары әлі де өзекті болып саналады. Тұжырымдамада оқушыларды құқықтық оқытудың басты міндеті ретінде құқықтық тәрбиенің бүкіл кешенін биік құқықтық сана мен заңды қастерлеу дәстүрін қалыптастыруға жұмылдыру көзделген. Тұжырымдаманың мақсаты болып құқықтық мәдениет негіздерін қалау саналады. Құқықтық білім беру - құқықтық сана мен құқықтық мәдениет деңгейін қалыптастырушы негізгі жол. Тұжырымдамада құқықтық оқытудың мәселелері аталып көрсетіледі. Құқықтық мемлекет құру жағдайында жастар арасындағы қылмыстық ахуал мен орта және жоғары оқу орындарында құқықтық оқыту-

дың төмен деңгейі алаңдатушылық туғызады. Мәселен, оқу бағдарламаларына сәйкес орта білім беру ұйымдарында құқық негіздері пәні тек 9 сыныпта жүргізілетіндігі және оны оқушылар 32-34 сағат көлемінде бір жыл оқытындығы айтылған. Жалпы, құқық негіздері пәнін жоғары сыныптарда ғана оқыту кеш болады, себебі құқықтық сана негіздері, тұлғаны қалыптастырудың іргетасы ертерек қалануы тиіс. Кәмелетке толмағандардың ауыр қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілігі 14 жастан басталатындығын да ескеру қажет. Мектеп оқушылары осы жастан бастап-ақ белгілі бір мөлшерде құқықтық білім алуға тиісті. Осы құжатта құқықтың негізгі принциптері адамгершілік қасиеттермен байланысты екенін ескере отырып, мектепте дейінгі тәрбие ұйымдарында балаларға қоғамдық нормалар «әліппесін» оқыту қажеттігі айтылады [13]. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қабылданған тұжырымдамада көрсетілген мәселені шешу мақсатында құқық негіздері пәні қазіргі уақытта мектеп бағдарламасында 10-11 сыныптарда да өткізіледі. Сондай-ақ, орта кәсіптік білім беру ұйымдарында да аталмыш пән құқықтық емес мамандықтарда жүргізіледі. Дегенмен пәнге бөлінетін сағат саны әлі де аз және білімгерлердің бұл пәнге деген қызығушылықтары төмен. Сондықтан, ұсыныс ретінде айтар едім: құқық негіздері пәнінде оқытудың интербелсенді әдістерін және қазіргі заман ағымына сай жаңа ақпараттық технологияларды тиімді түрде көбірек қолдану қажет. Мысалы, мен өзімнің педагогикалық тәжірибемде оқыту процесінде білім алушыларға құқықтық ситуацияларға байланысты логикалық есептерді шешуді тапсырамын. Сабақ барысында құқықтық ситуацияларды көрініс түрінде көрсету мақсатында «іскерлік және рөлдік ойындар» деген әдісті білімгерлер арасында қолдануға тырысам. Себебі, білімгерлер рөлге ене отырып, құқықтық жағдай кезіндегі мәселені шешуде заңнамаларды қарастырады, заңдарда көзделген құқықтары мен міндеттерін біледі. Ал бұл тікелей білімгерлердің құқықтық ойлау жүйесін дамытуға түрткі болады. Құқықтық ой-

лау жүйесі қалыптасқан тұлғаның құқықтық санасы да жоғары болатыны анық.

1997 жылдың 1 қазанында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030 барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа арнаған Жолдауы негізінде 2030 жылға дейінгі мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындап берген «Қазақстан-2030 Стратегиясы» мемлекеттік бағдарламасы жарияланған болатын. Бұл еліміздің тәуелсіздік алғанына 6 жыл болып, жас елдің енді ғана іргетасы қаланып келе жатқан кезең болатын. Стратегиядағы ұзақ жылдарға арналған межелік бағыттар орындалмас армандай болып көрінген. Дегенмен стратегиядағы ел дамуының жоспарын белгілеген басымдықтар бүгінгі таңда өзінің оң нәтижесін көрсетіп, сәтті жүзеге асырылуда. Стратегияның «Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы» деп аталатын 2-ші ұзақ мерзімді басымдығында еліміздің барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтығымызды дамытатынымызға кепілдік беру, этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуын, барлық этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз етудің міндеттері көзделген [14]. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін қоғам өкілдеріне құқық бұзушылықтарға барудың салдарын түсіндіру, Ата Заңға деген құрмет сезімін қалыптастыру, заңдарда көрсетілген өз құқықтары мен міндеттерін білуді үйрету, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға баулу сияқты құқықтық тәрбиелеу процесін жүйелі түрде жүргізу қажет. Сол кезде теңдік принципіне негізделген, азаматтарының құқықтық санасы мен мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқан және түрлі этностар арасындағы бейбіт қарым-қатынас орнаған құқықтық мемлекет пен тұрақты азаматтық қоғам институтын дамытуға мүмкіндік те арта түседі.

Құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастырудағы «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы Жар-

лығы заңдық күшін жойғанымен, мұнда азаматтардың құқықтық санасын арттырудағы міндеттерді іске асыру тетіктері бүгінгі күні жалғасын табуда. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басым бағыттарын нақтылап берген стратегиялық маңызы жоғары құжаттың «Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының түйінді бағыттары» деп аталатын 3-бөлімінде сенімді құқықтық орта қалыптастыру мәселесі көрсетілген. Негізінен, сенімді құқықтық ортаға заңның үстемдік принципі мұлтіксіз сақтау арқылы қол жеткізілетіндігі белгілі. Ұлттық құқықтық жүйені жаңғырту және оны үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіру мақсатында төменде келтірілген мынандай салалардағы реформаларға басымдық беріледі:

- сот жүйесінің ашықтығын және тәуелсіздігін, сот корпусының бейтараптығы мен кәсіпқойлығын арттыру;

- заңнаманы жетілдіру және норма түзушілік сапасын арттыру;

- халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін, оның ішінде сот және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік мәдениетін арттыру және азаматтардың білікті заң көмегіне нақты қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Құқықтық мәдениеттің жоғары болуы азаматтардың құқықтық бағдарлануын қамтамасыз етеді және кез келген заң бұзушылықтарға, оның қатарында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына төзбеуін қалыптастырады. Ол ең алдымен, халықтың құқықтық санасының даму деңгейіне байланысты болып келеді. Қазақстандық қоғамның жоғары құқықтық мәдениетін қалыптастыру шеңберінде адвокаттардың, сот және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік мәдениетінің деңгейін арттыруға, олардың сапалы кәсіптік даярлығына ерекше көңіл бөлінеді [15].

Ендігі кезекте стратегиялық даму жоспарында көрсетілген құқықтық бағыттағы реформалар бойынша елімізде жүргізіліп жатқан іс-шараларды қарастырып өтейік.

Біріншіден, сот жүйесінің ашықтығын және тәуелсіздігін, сот корпусының бейтараптығы мен кәсіпқойлығын арттыру міндеті.

Жалпы, сот билігі – мемлекеттің саяси жүйесінің құрамдас бөлігі. Мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуы сот құрылымы мен өндірісінде түбегейлі өзгерістердің жүзеге асып, судьялардың мәртебесі мен соттардың тәуелсіздігінің нығая түсуіне ықпал етеді. Соңғы жылдары еліміздің сот жүйесі түбегейлі өзгеріп, жаңа форматта дамып келеді. Оған дәлел ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылы жариялаған «100 нақты қадам-Ұлт жоспарын» атап өтуімізге болады. Ел экономикасын дамытып, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға қатысты реформаларды жүзеге асырудың жолдарын белгілеген «100 нақты қадамның» 16-шы қадамынан 34-ші қадамына дейінгі аралық тұтасымен заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған болса, оның ішінде сот жүйесін жетілдіру мәселесі 16-шы қадамнан 27-ші қадамға дейінгі аралықта нақты көрсетілген [16, 2].

Қазіргі таңдағы сот саласында туындап отырған барлық мәселелерді ескере отырып, Елбасы бүгінгі сот жүйесін заман талабына сай жаңартып, тәжірибеде қолданылып келген сот төрелігін жүзеге асырудың бес сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) жүйесінен үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) жүйесіне көшу керектігін Ұлт жоспарында атап өткен болатын. Үш сатылы сот жүйесіне көшу - судьялардың істі сапалы қарауына, осы істердің созылып, созбалаңға салынуына жол бермейді. Бұл азаматтардың сот төрелігіне деген сенімділігін нығайтып, құқықтық санасы мен мәдениет деңгейін арттыруға тікелей әсер етеді. Ал сот жүйесінің тәуелсіздігі туралы «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді»-деп Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында айқындалған [9]. Судья – мәртебесі Конституциямен ерекше белгіленген мемле-

кеттік лауазымдық тұлға. Оның өкілеттілігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы, тәуелсіздігі мен оған ешкімнің тиіспеуі сот билігі дербестігінің кепілі болып табылады. Судьяның осындай биік мәртебесі оған зор жауапкершілік жүктейді. Себебі оның шығарған шешімі адамның тағдырына, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жағдайына тікелей ықпал етеді. Ал мемлекет нақты адамға осындай жоғарғы жауапкершілікті арта отырып, соған лайықты биік мәртебе беріп, одан кәсібилікті, іскерлік қасиеттердің болуын, өзінің жұмысын ұйымдастыра білуді талап етеді, сондай-ақ оған жоғары моральдық-этикалық міндеттер жүктейді. Судья кәсіби қызметінде тәуелсіз болып сот әділдігін жүзеге асыру кезінде заңға ғана сүйенуі тиіс, шешім шығарған кезде адал әрі әділетті болуға міндетті. Судья әдебінің кодексінде судья қоғам өкілдерінің сот жүйесіне деген сенімін нығайту мақсатында тәртіптің жоғары әдептік стандарттарын ұстануға және жетілдіріп отыруға міндетті деп көрсетілген [17]. Мұның өзі жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың үйлесімді ұштасуын қамтамасыз ететін тәуелсіз сот әділдігін жүзеге асырудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығы азаматтардың сот билігіне деген сенімінің артуына септігін тигізіп отыр. Судья мәртебесіне жоғары талаптар қою, сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігін қамтамасыз ету - мемлекеттің құқықтық жүйесінің нығаюына және қоғам мүшелері арасындағы нигилистік көзқарастардың алдын алып, құқықтық сана деңгейін көтеруге ықпал етеді. Ұлт жоспарының 20-қадамы бойынша, барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шаралары міндетті түрде енгізіледі. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмайды [16, 2]. Бұл сот қызметінің ашықтығын, жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп отырған шара. Осы шараға сәйкес сот отырысын аудио немесе бейнежазу құралдарымен тіркеп жазуды сот отырысының хатшысы жүргізеді. Істі талқылаудың аудио немесе бейнежазу құралдарын

пайдалану арқылы тіркеп жазған жағдайда сот отырысының хатшысы жазбаша нысанда қысқаша хаттама толтырады. Сот отырысының аудио немесе бейнежазбасын қамтитын материалдық жеткізгіш пен қысқаша хаттамасы іс материалдарына қоса тіркеледі. Ол судьялар мен сот отырысына қатысушылардың тәртіпті сақтауына ықпал ететін болады. Сонымен қоса, судьялардың жұмысын оңтайландырып, бюджет және сот өндірісіне қатысушылардың қаржысын, уақытын үнемдеуге, сот отырысы хаттамасының сапасын арттыруға, мәселелерді объективті түрде шешуге жол ашады. Сот жүйесінің ашықтық форматта болуы да сот саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілердің жолын кесіп, азаматтардың заң үстемдігіне деген сенімділігін қалыптастырып, құқықтық мәдениетін арттыра түседі.

Екіншіден, халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін, оның ішінде сот және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік мәдениетін арттыру және азаматтардың білікті заңкөмегіне нақты қол жеткізуді қамтамасыз ету. Бұл бағытта Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт жоспары-100 нақты қадам» бағдарламасының 19-қадамында көрсетілген тапсырманы жүзеге асыру мақсатында 2016 жылдың 21 қарашасында Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде қабылданған «Судьялық әдеп кодексін» атап өтуге болады. Аталған әдеп кодексі жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар үшін жүріс-тұрыстың әдеп қағидаларын белгілейді. Кодекстің 2-бабына сәйкес, судьяның сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етуге, өзін лайықты, әдепті ұстауға және процеске қатысушылар мен өзге де сот отырысына қатысушы адамдардан сондай қарым-қатынасты талап етуге және сот төрелігінің әділдігі олардың күмәнін туғызбауы үшін шаралар қолдануға тиістілігі көрсетілген [17]. Яғни, бұл судьядан құқықтық мәдениетінің жоғары болуын талап етеді. Сот жүйесіндегі жаңа сипаттағы құқықтық мәдениетті дамытудың басты бағыттары ретінде судьялардың тәуелсіздігі, әділеттілігі, бейтараптылығы мен шынайылығы, арының тазалығы сияқты

моральдық-этикалық құндылықтарды айтуға болады. Аталған адамгершілік-этикалық құндылықтар құқықтық мәдениеттің басты өзегі. Құқықтық мәдениет - судьялардың кәсіби және жеке тұлғалық қасиетінің көрінісі. Құқықтық мәдениеті төмен судья, кәсіби құзыреттілігі төмен, моральдық ұстанымы әлсіз, «ардан» бұрын «пайданы» көп ойлайтын судья. Судьяның құқықтық мәдениетінің деңгейі оның заңды білуімен, дұрыс қолдануымен ғана шектелмейді, сонымен бірге оның моральдық-адамгершілік, этикалық талаптарды сақтауымен және оны кәсіби біліктілікті жетілдірудің негізгі көзі деп қарайды. Осы ретте судьялардың әдеп кодексінде белгіленген тәртіп ережелерін бұлжытпай орындауы қажет [18, 10]. Сонда судьяның ішкі сенімінің жоғары болуы да толық адам тұжырымдамасына сай келеді. Судьялардың құқықтық мәдениетінің жоғары болуы мемлекетте заң үстемдігін нығайтуға сеп болады. Заң үстемдік құрған жерде, азаматтардың құқықтық сауаттылығы жоғарылай түседі. Ал құқықтық сауаттылықтың жоғары болуы құқықтық сананың артуына тікелей ықпал етеді.

2012 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауы негізінде «Қазақстан - 2050» Стратегиясы жарияланған болатын. Стратегияның басты мақсаты болып мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру мен Қазақстанды әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосу табылады. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін «Қазақстан - 2050» Стратегиясында 7 ұзақ мерзімді басымдықтарды іске асыру жоспарланған. Соның бірі - мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту басымдығы қоғамдағы құқықтық сана мен мәдениет деңгейін арттыруға бағытталған. Стратегияда мемлекеттің тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануы қажет екендігі баса айтылады. Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету заң нормаларын нығайтуды,

азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыруды талап етеді. Осы орайда, бір айта кететіні, қоғамдағы тәртіпті орнатуда экологиялық білім беру де маңызды орын алады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 38-бабында: «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті»-деп айқындалған [9]. Экологиялық білім берудің мақсаты орнықты даму принциптеріне негізделген азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымын және қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады [19]. Осы орайда, бір айта кететіні, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2020 жылдың 10 шілдесінде Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне еліміздегі орта білім беретін мектептерде экологиялық білім беруге қатысты арнайы пәнді енгізуді тапсырған болатын. Мемлекет басшысы: «Бізге мектептерде балаларға экологиялық білім беру пәнін енгізу қажет. Қараңыздар, адамдар арттарында тонналап болмаса да, жүздеген килограмм тұрмыстық қалдықтар қалдырады. Бұл ортақ мәдениеттің жоқтығы. Жұртқа табиғатты ластауға мүлде болмайтыны жылдар бойы түсіндірілген жоқ»-деп Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде нақты қадап көрсетті [20]. Менің ойымша, экологиялық білім беру өзінің келесідей нәтижесін берері анық: 1) қоғамда тәртіп орнайды, яғни, өскелең жас буын мектеп табалдырығынан бастап табиғатқа ұқыптылықпен қарауды үйренеді; 2) Табиғатқа ұқыпты қарай білген адам қоршаған ортаны қорғауға қатысты заң талаптарын да бұлжытпай орындайды; 3) заң талаптарын орындайтын адамның құқықтық санасы мен мәдениет деңгейі жоғары болады. Бұл құқықтық тәртіптің нығаюына және сол арқылы дамыған қоғам қалыптастыруға ықпал етеді.

Азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениет деңгейін арттырудағы маңызы жоғары нормативтік құжаттың бірі - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 15 ақпандағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республи-

касының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» - бұл орта мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты және ол Қазақстанның 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру үшін әзірленген. Стратегиялық құжаттың 4-тарауы «аса маңызды серпінді өзгерістер: жүйелі реформалар» деп аталса, ал осы тараудың 4-реформасында «Сыбайлас жемқорлықсыз құқықтық мемлекет» мәселесі қарастырылған. Реформада 2025 жылға қарай Қазақстан үшін келесідей қағидаттық өзгерістер:

- заң шығарушылықтан – заңдарды мүлтіксіз сақтауға және құқық қолдану тәжірибесін қамтамасыз ету;

- құқықтық қорғаудың кепілдігіне сенімсіздіктен – мемлекеттік билік институттарына, тәуелсіз және әділ сот жүйесіне жоғары сенім білдіру деңгейі;

- жазалаудан – сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу;

- құқық бұзушылықтарға төзушіліктен – әсіресе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне мүлдем төзбеушілік, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын арттыру бағыттары белгіленген.

Реформада: «Құқықтық мемлекетті қалыптастыруда табыстың маңызды құрамдас бөлігі құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілікті орнату, азаматтардың заңды сақтаушылық мінез-құлқын және жалпы қоғамда жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастыру болып табылады»-деп көрсетілген. Реформадағы негізгі басымдық тұрақты құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстардың негізгі бөлігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында, қалған бөлігі заңдарды білуді, түсіну мен сақтауды көздейтін құқықтық мәдениеттің жалпы деңгейін арттыру саласында жүргізілуде. Бұл ретте мемлекеттік органдарға азаматтардан түсетін барлық өтініштердің айтарлықтай бөлігі (30-50%) заңдарды түсіндіру қажеттілігіне байланысты. Басымдықтың негізгі міндеттеріне заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің халыққа түсінікті тілдік

стильде және форматта берілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру бағдарламаларына құқықтық оқытудың қазіргі заманғы форматтарын енгізуді қамтамасыз ету жатады. Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда азаматтардың қоғамдық бақылауға қатысуын кеңейтудің рөлі ерекше [21]. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 5 қазанында жарияланған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрестің жалғасатындығы аталып көрсетілген [22]. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарында бакалавриат мамандықтары бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» атты пәнді жүргізудегі басты мақсат: студенттерге сыбайлас жемқорлық ұғымы және оған қарсы іс-әрекеттер туралы теориялық білім бере отырып, жемқорлық іс-әрекеттер көрінісіндегі азаматтық ұстанымды қалыптастыру болып табылады. Пәнді оқыту арқылы студенттер жемқорлықтың пайда болу себептері мен жалпы мәнін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрекеттер үшін моральдық-адамгершілік, құқықтық жауапкершілікке тартылудың өлшемі мен салдарын түсінеді, мемлекет тарапынан қабылданған сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға қатысты заңнамалар мен реформаларды біледі. Пәнді оқыту нәтижесінде студенттерде мынадай құзыреттіліктерді қалыптастыруға болады: күнделікті өмір тәжірибесінде және жемқорлықтың алдын алу әрекеттерінде адамгершілік нормалар мен рухани адамгершілік құндылықтарды назарға алады, сондай-ақ, ең маңыздысы болашақ мамандығына қатысты кәсіби құқықтық санаға ие болады және сол арқылы дамыған құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыра білуді үйренеді [23].

Нәтижелер

Осыған сәйкес, 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында және Елбасы Жолдауында көзделген міндетті жүзеге асыру

мақсатында еліміз бойынша «Adaldyq alańy» бірыңғай брендімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалық кеңселер құрылған болатын. Бүгінгі таңда жоба бірегей алаң – мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіретін негізгі тетік болып саналады. Барлық аймақтарда жергілікті облыстық және қалалық әкімдіктермен бірлесіп «Adaldyq alańy» аймақтық жобалық кеңселері құрылды [24]. Жобаны іске асыру салалары бойынша төмендегі бағыттарға бөлінеді:

1. Бизнес-процестердің ашықтығын қамтамасыз ету және саласындағы қолайлы жағдайлар;

2. Сыбайлас жемқорлықты жою (мемлекеттік мүлікті басқару, нормативтік-құқықтық реттеу, персоналды басқару).

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, нақтырақ айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту, ұжымдарда парасаттылық қағидаттарын енгізу [25]. Осылардың қатарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты азаматтардың құқықтық санасын арттыруда маңызы зор. Жоба аясында тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жоюға, тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасауға, мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шаралар іске асырылуда. Ашықтыққа негізделген өзгерістердің санатында мемлекеттік органдардың Open Space форматына көшуін ерекше атап өтуге болады. Мемлекеттік органдардың халық үшін ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру мемлекеттік аппараттың басты міндеттерінің бірі. Статистикалық мәліметтерге жүгінер болсақ, аймақ әкімінің қатысуымен өткізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар саны - 199, ашық Open space саны - 980, оның 787-і ағымдағы 2021 жылдың соңына дейін ашылу жоспарда, ал халықты жобалық кеңселердің лекторлық топтарымен қамтудың аудандар бойынша саны - 516941, ал ауылдық округтерде - 194768 [26]. Аталған мәліметтер халықтың құқықтың сауаттылығын арттыруда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда әлі де көптеген маңызды іс-шараларды жалғастыра бе-

рудің қажет екендігін көрсетіп отыр. Бұл жердегі open Space форматы дегеніміз - кез-келген жекелей немесе қоғамдық мәні бар мәселелерді ашық алаңда талқылап, оны жауапты тұлғалардың қатысуымен шешудің бірден-бір үлгісі [27]. Қазіргі таңда еліміздің әр өңірінде open space форматында сервистік әкімдіктер жұмыс жасауда. Аталмыш шара «Adaldyq alańy» жобасы негізінде жүзеге асырылды. Мысалы, Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласында 2020 жылы «Taldyqorgan-Adaldyq Alany» жобалық кеңсесі мен «Open Taldykorgan» фронт-кеңсесі ашылған болатын. «Taldyqorgan-Adaldyq Alany» жобалық кеңсесі халыққа қызмет көрсету, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, сәулет, құрылыс, жер қатынастары және басқа мәселелерді шешуге бағытталған. Жобаны іске асырудың бағыттары мынадай:

- тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және азаматтарға қолайлы жағдай жасау;

- қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

«Сервистік әкімдік» жобасының алдыға қойған негізгі қағидаты - мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органдар жүйесін бір орталыққа шоғырландыру және азаматтарға жайлы жағдай жасау. «Open Taldykorgan» фронт-кеңсесі тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді ауылдық елді мекендерде орналасқан бөлімдерді іздемей, бір орталықтан алуға мүмкіндік береді [28]. Бұл бағыт өз кезегінде халықтың мемлекеттік қызмет түрлерін бір алаңнан тиімді әрі сапалы алуына жағдай жасайды әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға алғышарт болады. «Adaldyq alańy» жобалық кеңсесінің іске асырып жатқан жобалары мен іс-шаралары жайындағы барлық ақпараттар күнделікті «facebook» әлеуметтік желісіндегі жобалық кеңсенің арнайы парақшасында, әкімдіктердің ресми сайттарында, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық ақпараттық алаңдары, атап айтқанда: «Қазақстан», «31 арна», «Хабар», «Хабар 24» телеарналарында, «Егемен Қазақстан», «Казхстанская правда» республикалық газет

беттерінде, tengrinews.kz, nur.kz, zakon.kz, kazinform.kz секілді ақпараттық порталдарда орналастырылады. Бірқатар өңірлерде жергілікті телеарналарда, баспа басылымдарында жеке айдарлар іске қосылды [24]. Мысалы атап өтсек, Алматы облыстық «Жетісу» телеарнасында «Жетісу адалдық алаңы» бағдарламасы көрермендер назарына ұсынылып келеді. Аталған бағдарламада облыс көлеміндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шаралар және олардың нәтижесі баяндалады. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекетте іске асырылып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардан хабардар болып, заңды құрметтеудің маңыздылығын түсінуге және сол арқылы құқықтық санасын арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, еліміздегі жоғары оқу орындарында «Саналы ұрпақ» жобалық кеңселері де ашылған болатын. Солардың қатарында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 2018 жылы ашылған жобалық кеңсе де бүгінгі күні нәтижелі түрде жұмыс жасап келе жатыр. Кеңсені ашудағы негізгі мақсат - оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу. Кеңседе белсенді студенттер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және оның қоғам үшін тигізер кері әсері туралы өз ой-пікірлерін ортаға салады, оқу орнындағы білімгерлермен жемқорлыққа қатысты сауалнама жүргізіп, нәтижелеріне талдау жүргізеді және сол арқылы оқу орнындағы сыбайлас жемқорлықпен күресудің бағдарламаларына іске асырылуы қажет шаралар жоспарын құрады [29]. Жалпы алғанда, мұндай жобалық кеңсенің құрылуы жастарды әділдік пен адалдыққа тәрбиелеп, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен құқықтық санасын арттырады.

Ел азаматтарының құқықтық санасы мен мәдениетін арттырудағы ең басты нормативтік құжаттардың бірі - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында қолға алынған «Құқықтық сана – қауымға пана» арнайы жобасының негізінде қабылданған

«Құқықтық мәдениет» тұжырымдамасы. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты Қазақстан халқының құқықтық сауаттылығын арттыру мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін келесідей міндеттерді орындау көзделген:

- Құқықтық білім беру негіздерін танымал ету бойынша кең ақпараттық

науқан шараларын өткізу. Бұл бағытта құқықтық білім беру ісін жүргізуде және азаматтардың құқықтық санасын арттыруда бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше деп айтар едім. Мемлекетте қабылданған заңдардың мазмұны мен маңыздылығы бұқаралық ақпарат құралдары болып табылатын газет-журналдар, телерадио арналары арқылы халыққа түсіндіріліп отыруы маңызды. Сонда азаматтардың құқықтық санасы артады.

- Еңбек ұжымдарында құқықтың түрлі аспектілері бойынша оқыту

дәрістерін ұйымдастыру мен өткізу. Мекемелерде, өндіріс орындарында қызмет істейтін азаматтарға еңбекті қорғауға қатысты нақты заңнамалар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу олардың ұжымдық құқықтық саналарының қалыптасуына оң әсер етеді.

- Құқық бұзылған жағдайда қабылдануы қажет іс-әрекеттер бойынша

халықпен шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу. Яғни, құқықбұзушылықтар орын алған жағдайда оның алдын-алуға қатысты және өзін-өзі қорғау бойынша жасалуы тиіс әрекеттерді нақты тәжірибеде көрсету халықтың құқықтық санасын арттыруға мүмкіндік береді.

- Құқықтық мәселелер бойынша өңірлерде семинарлар ұйымдастырып өткізу. Мысалыға, Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалған құқықтар мен міндеттерді білудің маңыздылығы жөнінде, құқықбұзушылыққа барудың салдары туралы арнайы семинарлар өткізуге болады. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық қоғамдағы өте өзекті мәселе екендігін ескерсек, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері бойынша арнайы видео-дәрістерді жұртшылық наза-

рына кеңінен көрсету азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетін қалыптастырады.

- Халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобаларды іске асыруға ҮЕҰ өкілдерін тарту. Мәселен, еліміздің әр түкпіріндегі еріктілікпен айналысатын топтар, қоғамдық қорлар мемлекет тарапынан қабылданған заңнамалардың маңыздылығын түсіндіру бойынша іс-шаралар өткізсе, бұл да халықтың құқықтық санасын арттыруға әсер етері мәлім.

- Құқықтың түрлі салалары бойынша білім беру және тәжірибелікбағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу. Осы орайда, менің ойымша, білім беру ұйымдары білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу мақсатында «жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтар және оның алдын-алу» тақырыбында құқық қорғау органдары мамандарымен бірлесе отырып, арнайы семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, кураторлық сағаттар өткізулері керек. Бұл өз кезегінде жастардың құқықбұзушылық жасаудың теріс әрекет екендігін түсінулеріне түрткі болады және оларды әр ісінде жауапты болуға, тәртіпке бағынуға, заңды құрметтеуге баулиды.

«Құқықтық мәдениет» тұжырымдамасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мынандай: 1) Өз құқықтары туралы ақпараттандырылған азаматтар санын арттыру. 2) Өз құқықтық мәселелерін шешкен адамдардың санын арттыру. 3) Ұсақ құқық бұзушылық деңгейін төмендету. 4) Құқықтық мәселелер бойынша консультанттардың санын арттыру [30]. Егер осы нәтижелерге қол жеткізер болсақ, елімізде заң үстемдігі орнайды әрі құқықтық мемлекет тұжырымдамасын жүйелі түрде іске асыруға мүмкіндік те артады.

Құқықтық тәртіп жүйесі берік, азаматтарының құқықтық санасы мен мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқан құқықтық мемлекет құру - дүниежүзіндегі көптеген мемлекеттердің алдына қойған стратегиялық мақсаты болып саналады. Оған себеп, заң үстемдігі орнаған елде қоғамдық тәртіп болатыны белгілі. Жалпы, шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, оның оң нәтижесін көрсеткен тиімді жақта-

рын үлгі ретінде алып, еліміздегі құқықтық сананы арттыру бағытында қолданған өте маңызды. Осы орайда, көршілес Ресей елінің тәжірибесін қарастырайық. Негізінен, Ресей қоғамындағы азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып дамыту мәселесі өте өзекті мәселелердің қатарына жатады, себебі, қазіргі уақытта Ресей мемлекеті азаматтық қоғам институтын дамыту мен қолдау бағытында. Көрші елде құқықтық сананы арттыруға байланысты 2011 жылдың 4 мамырында Ресей Федерациясы Президентінің «Ресей Федерациясындағы азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын арттыру мен дамытуға қатысты мемлекеттік саясаттың негіздері» атты Жарлығы бекітілген болатын [31]. Құқықтық мемлекеттің алға қарай дамуы мен азаматтық қоғамның қалыптасуы және ұлттық келісімнің нығаюы үшін Ресей елінде азаматтардың жоғары құқықтық мәдениетінің қалыптасуы өте маңызды. Өйткені, құқықтық мәдениетсіз қоғамдық өмірдің басты құндылықтары болып есептелетін заңның үстемдігін, адамның құқықтары мен бостандықтарының басымдығын, қоғамдық мүдделердің сенімді қорғалуын қамтамасыз ету әсте мүмкін емес. Сондықтан мемлекеттік саясаттың негіздері халықтың құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылатуды, заң мен сотқа деген құрметті және адалдық сезімін қалыптастыруға бағытталған. Мемлекеттік саясаттың ең басым бағыттарының бірі ретінде өскелең жас буынның құқықтық санасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Аталған бағыт біздің еліміздің де алдыға қойған негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Оған дәлел ретінде, жоғарыда қарастырып өткен 2015 жылдың 9 ақпанында қабылданған «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы Қаулысын келтіріп кетсе болады. Мәселен, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында құқықтық мәдениетті арттыру мен жастар-

дың бойында мемлекеттіліктің негіз қалаушы құндылықтарына деген құрмет сезімін қалыптастыру міндеті көзделген. Міндет Ресей Федерациясындағы мемлекеттік саясаттың да мазмұнында көзделген. Сонда біздің ел менен Ресей еліндегі мемлекеттік саясаттың өзегі болып өскелең жас толқынның құқықтық санасы мен мәдениет қалыптастыру табылады.

АҚШ-та «Legal services corporation», яғни, заңгерлік көмек көрсететін мемлекет тарапынан қаржыландырылатын коммерциялық емес ұйымның бастамасымен АҚШ-тағы ауылдық елді мекендерде тұратын азаматтарға заңгерлік кеңес беру қызметін ұсыну мақсатында жоғары оқу орындарындағы заң факультеттерінде білім алатын студенттерден жасақталған жазғы заңгерлер корпусы құрылған болатын. Корпустың атқарған жұмыстарының статистикалық көрсеткішін келтіре кетсек, 2016 мен 2018 жылдар аралығында АҚШ-тың 36 штатында 60 студент халыққа білікті құқықтық көмек көрсеткен, ал 2017 жылы ауылдық елді мекендерде тұратын 1900 азаматқа құқықтық тұрғыда кеңес берген. Менің ойымша, мұндай игілікті іс-шараларды жүйелі түрде жүргізіп отыру өте маңызды. Дәл осындай бастама екі жақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оның біріншісі, шалғай елді мекендерде тұратын азаматтардың заң көмегін алуға қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, олардың құқықтық саналарын арттыруға және сол арқылы жалпы елдегі құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік туады. Екіншісі, мұндай сипаттағы іс-шараларға болашақ заңгер мамандарды, яғни студент жастарды тарту олардың оқу орнында алған теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, сол бойынша заңгерлік саланың қыр-сырын үйренулеріне оң ықпал етеді әрі құқықтық сауаттылықтарын молайтады. Салыстырмалы түрде Қазақстан тәжірибесін алар болсақ, елімізде халыққа заңгерлік көмек көрсету мақсатында құрылған «Саналы ұрпақ» жобалық кеңесі, «Қазақстан жас заңгерлер Альянсы», «Қазақстан студенттерінің Альянсы», «Жас заңгерлер достастығы» секілді үкіметтік емес ұйымдар мен қозғалыстарды атап өтуге болады. Бұл ұйымдардың қызметі

жөнінде жоғарыда нақты талқылап өттім. Бірақ, ұйымдардың алдыға қойған негізгі мақсаттары - ел азаматтарының құқықтық саналарын арттырып, мемлекеттегі құқықтық жүйені дамытуға атсалысу болып саналады [32].

Құқықтық сананы арттырудағы халықаралық тәжірибеге талдау жасай отырып, мынадай қорытынды пікір жасағым келеді: жоғарыда қарастырып өткен мемлекеттерде халық арасындағы құқықтық сананың төмен деңгейі, құқықтық нигилизм секілді құбылыстар өте өзекті мәселе ретінде қаралады. Мәселені шешуде атап өткен мемлекеттерде құқықтық тәртіпті нығайтуға, құқықтық мәдениетті арттыруға қатысты арнайы заңнамалар қабылданып, іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр. Іс-шаралардың басым көпшілігі жастардың құқықтық мәдениет деңгейін арттыруға басымдық берген. Жастар - ол елдің ертеңі болашағы. Жастардың құқықтық санасының жоғары болуы мемлекеттің құқықтық жүйесінің берік іргетасын қалауға негіз болады.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2021 жылдың 5 қаңтарында жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу»-деп нақты айтқан болатын [31]. Мемлекет басшысының бұл сөзі қоғам үшін үлкен жауапкершілік артады. Білімді, өнегелі ұрпақ тәрбиелеуде құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру бағытын негізге алу өте маңызды. Құқықтық сана мен мәдениеттің жоғары болуы заң үстемдігінің нығая түсуіне ықпал етеді. Сондықтан, мемлекетте әр азаматтың құқықтық санасын арттыруға баса мән беріліп, аталған бағытта реформалар жүйелі түрде ұйымдастырылып, жүзеге асырылуы тиіс. Құқықтық санасы жоғары жас ұрпақ заң нормаларын бұлжытпай орындайды, мемлекетте қабылданып жатқан заңдардың мазмұнын және сол заңдарда көзделген өз құқықтары мен міндеттерін жетік біледі, басқа

адамдардың құқықтары мен бостандықтарына құрмет танытады, қоршаған ортаға ұқыпты қарайтын болады. Мұның нәтижесі қоғамда тәртіп орнап, мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени тұрғыда дамуынан көрініс табады. Осы ретте, мен азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыруға қатысты мынадай ұсынысымды айтып өтсем деймін. Білім беру ұйымдарында «Құқық негіздері» пәнін міндетті пәндер циклына кіргізіп, сағат санын көбейту керек. Дәлел ретінде айтар болсам, өзім сабақ беретін орта кәсіптік мамандар даярлайтын колледжде «Құқық негіздері» пәніне жалпы 36 сағат бөлінген және ол тек оқу жылының 1-ші жартысында ғана оқытылады. Қарап отырсақ, білімгерлердің

мемлекеттің құқықтық жүйесі туралы теориялық мәліметтерді оқып қарастыруы үшін бөлінген сағат саны аз. Білім саласына қатысты реформаларды жүргізу барысында азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттырудағы мемлекеттік реттеудің бағыты ретінде құқықтық білім беру мәселесі жан-жақты қарастырылса деген ойымды жеткізкім келеді. Бұл білім алушылардың құқықтық құбылыстарға деген көзқарастарын қалыптастырып, құқықтық саналарын арттыра түседі. Сонымен қатар, орта және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында аталған пәннен сабақ беретін оқытушылар санын көбейту қажет деп санаймын. Сонда пәннің маңыздылығы арта түседі. Рухани жаңғырудың айқын дәлелі осы.

Әдебиеттер тізімі

1. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 98 -100 б.
2. Ибраева А.С., Гончаров С.Б., Аманкулов А.Х., Зайнулина И.Н. «К вопросам о функциях правосознания и правовой культуры» Казахский национальный университет имени аль-Фараби Республика Казахстан, г. Алматы // Проблемы современной науки: сборник научных трудов: выпуск 26 –Ставрополь: Логос, 2016. – С. 98-99
3. «Legal Culture and Legal Consciousness» Susan S. Silbey, School of Humanities, Arts, and Social Sciences, Massachusetts Institute of Technology, Cambridge, MA, USA, Available online 12 March 2015. [Электрондық ресурс] - URL: // <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/B9780080970868860675#!> (жүгінген күн: 03.11.2020).
4. 7th World Conference on Education, (WCES-2015), February 5-07, 2015, Novotel Convention Center in Athens, Athens, Greece Content of legal education in secondary schools: Lithuanian experience Jolanta Biljauskaite a, Vytautas Slapkauskas Mikolas Romeris University Ateities 20, Vilnius 08303, Lithuania 149 // www.sciencedirect.com.
5. Өміржанов Е. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - Б. 132
6. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007. - 336 б.
7. «Specificity of modern legal education and upbringing of schoolchildren in the countries of the post-Soviet world» Abdullaeva B.S., Sobirova M.A., Abduganiev O.T., Abdullaev D.N. View correspondence (link to go) Tashkent State Pedagogical University, Uzbekistan // www.scopus.com.
8. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған «Білім туралы» Заңы. [Электрондық ресурс] - URL: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгінген күн: 05.04.2021).
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы // [Электрондық ресурс] - URL: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгінген күн: 05.04.2021).
10. Құқықтық сана – қауымға пана | Рухани Жаңғыру // <https://ruh.kz/ru/page/yty-sana-auyma-pana>
11. Ағыбаев А.Н. Қазақстан құқығы пәні жетілдіруді қажет етеді // «Заң» республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журналы. - 2019. - №7. - Б. 15-18.
12. Ағыбаев А.Н. Құқықтық мемлекетке білімді заңгерлер керек // «Заң» республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журналы. - 2019. - №5. - Б. 15-20.

13. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» №2347 қаулысының негізінде қабылданған «Қазақстан Республикасында оқушы жастарды құқықтық оқыту тұжырымдамасы» (Күшін жойған) [Электрондық ресурс] - URL: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгінген күн: 05.04.2021).

14. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылғы 1 қазандағы «Қазақстан- 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа арнаған Жолдауы негізінде қабылданған «Қазақстан-2030 Стратегиясы» [Электрондық ресурс] - URL: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгінген күн: 05.04.2021).

15. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы (Күшін жойған) [Электрондық ресурс] - URL: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгінген күн: 05.04.2021).

16. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылдың 20 мамырында жариялаған «Ұлт жоспары - бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасы // «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газеті. - 2015. - №92 (28570). - Б.2

17. Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде 2016 жылғы 21 қарашада қабылданған «Судьялық әдеп кодексі» [Электрондық ресурс] - URL: // <https://sud.gov.kz/kaz/content/sudyalyk-dep-kodeksi> (жүгінген күн: 05.04.2021).

18. Т. Бурбаев «Қазіргі сот жүйесі және құқықтық мәдениеттің жаңа парадигмалары» // «Заңгер» Қазақстан Республикасының құқық жаршысы. - 2020. - №3 (224). - Б. 10-12

19. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексі // [Электрондық ресурс] - URL: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгінген күн: 05.04.2021).

20. «Жағдайды тұрақтандыруға - екі апта» Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында нақты тапсырмалар берді // «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газеті [Электрондық ресурс] - URL: // <https://pdf.egemen.kz/pdfs/2020/07/13.07.20.pdf> (жүгінген күн: 05.04.2021).

21. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты: [Электрондық ресурс] - URL: // https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs (жүгінген күн: 05.04.2021).

22. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 5 қазанында жариялаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Жетісу университеті» Алматы облыстық қоғамдық-саяси жастар газеті. - 2018. - №10 (175). - Б. 4

23. 6B1101 - «Туризм» мамандығы бойынша элективті пәндер каталогы 2019 ж. // <http://zhgu.edu.kz>.

24. Республикалық штаб. Байғұлов Төлеген Зейнешұлы. «Adaldyq alaуy» республикалық жобалық кеңсесінің жетекшісі [Электрондық ресурс] - URL: // <https://adaldyqalany.kz/kz/about> (жүгінген күн: 05.04.2021).

25. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі арасындағы келісімге сәйкес 2019 жылғы қарашада «Мәдениет және спорт министрлігі –Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі (бұдан әрі-Жоба) құрылды және қызметін жүзеге асырады. [Электрондық ресурс] - URL: // <https://kazhimukansportmektebi.kz/kz/o-shkole/adaldyq-alany> (жүгінген күн: 05.04.2021).

26. (2019-2021) жылдар бойынша статистика [Электрондық ресурс] - URL: <https://adaldyqalany.kz/kz/about/report?year=> (жүгінген күн: 05.04.2021).

27. «Open space» форматындағы Ректордың кездесуі [Электрондық ресурс] - URL: <https://kaznpu.kz/kz/7144/news/> (жүгінген күн: 05.04.2021).

28. Официально открыты проектный офис «Taldyqorgan – Adaldyq Alany» и фронт-офис «Open Taldykorgan» [Электрондық ресурс] - URL: // <https://ru.taldykorgan-online.kz/2020/01/22/ofitsialno-otkryityi-proektnyyu-ofis-taldyqorgan-adaldyq-alany-i-front-ofis-open-taldykorgan/> (жүгінген күн: 05.04.2021).

29. Білім ордамызда «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі ашылды // <http://old2.zhgu.edu.kz/index.php?newsid=8172>

30. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясындағы «Құқықтық сана - қауымға пана» атты ар-

найы жобасы негізінде қабылданған «Құқықтық мәдениет» жобасының тұжырымдамасы [Электрондық ресурс] - URL: // <https://www.nkzu.kz/files/rukhani/specialprojects/kaz/madeniet.pdf>

31. Утверждены Основы госполитики России в сфере развития правовой грамотности и правосознания граждан // <http://kremlin.ru/events/president/news/page/587>

32. В.А. Шестак, Е.А. Рогова «Особенности правовой культуры молодежи в США» // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-pravovoy-kultury-molodezhi-v-ssha> С. 312

33. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылдың 5 қаңтарында жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласының толық мәтіні // <https://informburo.kz>.

Т.Б. Жумагулов, Ғ.С. Дарибаев

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдықорган, Казахстан

Основные направления государственного регулирования повышения правосознания и культуры граждан

Аннотация. Формирование правового сознания и культуры граждан в соответствии с требованиями современного общества - один из главных приоритетов государства. Это связано с тем, что незнание законов принимаемых государством, непонимание своих прав и обязанностей определенных законом, неуважение к закону среди граждан может привести к правовому нигилизму и различным уголовным и административным правонарушениям. Это в свою очередь требует пересмотра правовой политики государства, вопроса повышения правосознания граждан. В целом установление мира и порядка в обществе, прежде всего, является результатом позитивного отношения членов этого общества к закону. Чем выше правосознание, тем будет ниже динамика преступности в обществе и тем сильнее система правопорядка в государстве. Поэтому, определяя сущность понятий правового сознания и правовой культуры, одним из наиболее актуальных вопросов на сегодняшний день считаем определение эффективности системы государственных мер по повышению правосознания граждан в стране и анализ результатов.

Ключевые слова: правовое сознание, правовая культура, государственное регулирование, правовое образование, концепция, правовая реформа, стратегия, Послание Президента.

T.B. Zhumagulov, G.S. Daribayev

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

The main areas of state regulation of the improvement of legal consciousness and the culture of citizens

Abstract. The formation of the legal consciousness and culture of citizens in accordance with the requirements of modern society is one of the main priorities of the state. This has resulted from ignorance of the laws adopted by the state, misunderstanding of their rights and obligations defined by law, and disrespect for the law among citizens can lead to legal nihilism and various criminal and administrative offenses. This requires a revision of the legal policy of the state, and the issue of raising the legal awareness of citizens. In general, the establishment of peace and order in society is primarily the result of a positive attitude of the members of this society to the law. The higher the legal awareness, the lower the dynamics of crime in society and the stronger the system of law and order in the state. Therefore, defining the essence of the concepts of legal consciousness and legal culture, one of the most pressing issues today is to determine the effectiveness of the system of state measures to improve the legal awareness of citizens in the country and analyze the results.

Keywords: legal consciousness, legal culture, state regulation, legal education, concept, legal reform, strategy, President's Address.

References

1. Agdarbekov T. The main problems of the theory of state and law. Textbook (Almaty: Legal Literature, 2009, 98 -100 p.) (in Kazakh)
2. Ibraeva A.S, Goncharov S.B, Amankulova A.H, Zainulina I.N [Questions about the functions of legal knowledge and legal culture], Kazakh National University named after al-Farabi Republic of Kazakhstan, Almaty. [Problems of modern science: a collection of scientific works], issue 26 - Stavropol: Logos, 2016. - p. 98-99
3. «Legal Culture and Legal Consciousness» Susan S.Silbey, School of Humanities, Arts, and Social Sciences, Massachusetts Institute of Technology, Cambridge, MA, USA, Available online 12 March 2015. [Electronic resource] - Available at: // <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/B9780080970868860675#!> (application date: 15.08.2017)
4. 7th World Conference on Education, (WCES-2015), February 5-07, 2015, Novotel Convention Center in Athens, Athens, Greece Content of legal education in secondary schools: Lithuanian experience JolantaBiljauskaitė a, VytautasSlapkauskasMikolasRomeris University Ateities 20, Vilnius 08303, Lithuania 149 // www.sciencedirect.com.
5. Omirzhanov E. Theory of state and law. Textbook. - Almaty: Seven charters, 2015. - P. 132
6. Sapargaliev G.S, Ibraeva A.S Theory of state and law: Textbook. (Astana: Foliant, 2007, 336 p.) (in Kazakh)
7. «Specificity of modern legal education and upbringing of schoolchildren in the countries of the post-Soviet world» Abdullaeva B.S., Sobirova M.A., Abduganiev O.T., Abdullaev D.N. View correspondence (link to go) Tashkent State Pedagogical University, Uzbekistan // www.scopus.com.
8. The Law of the Republic of Kazakhstan «On Education» adopted on July 27, 2007. [Electronic resource] - Available at: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (application date: 05.04.2021).
9. The Constitution of the Republic of Kazakhstan // [Electronic resource] - Available at: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (application date: 05.04.2021).
10. Legal consciousness is a refuge for the community Spiritual Revival // <https://ruh.kz/ru/page/yty-sana-auyma-pana>
11. Agybayev A.N The subject of Kazakhstan's law needs to be improved // Republican legal, scientific and practical journal «Law», 7, 15-18 (2019).
12. Agybayev A.N The rule of law needs educated lawyers // Republican legal, scientific and practical journal «Law», 5, 15-20 (2019).
13. «Concept of legal education of schoolchildren in the Republic of Kazakhstan»(repealed), adopted on the basis of the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated June 21, 1995 «On measures to organize universal legal education in the Republic of Kazakhstan» № 2347 [Electronic resource] - Available at: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (application date: 05.04.2021).
14. The First President of the Republic of Kazakhstan - the Leader of the Nation «Kazakhstan-2030 Strategy» adopted on the basis of N.Nazarbayev's Address to the Nation of October 1, 1997 «Kazakhstan - 2030 Prosperity, Security and Welfare of All Kazakhstanis» [Electronic resource] - Available at: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (application date: 05.04.2021).
15. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan«On the Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2020» of February 1, 2010 № 922 (Repealed) [Electronic resource] - Available at: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (application date: 05.04.2021).
16. The First President of the Republic of Kazakhstan - the Leader of the Nation N. Nazarbayev's program «The plan of the nation - 100 concrete steps to implement five institutional reforms» announced on May 20, 2015 // National Republican Newspaper «Egemen Kazakhstan», 2015. №92 (28570). P. 2
17. «Code of Judicial Ethics» adopted at the VII Congress of Judges of the Republic of Kazakhstan on November 21, 2016 [Electronic resource] - Available at: // <https://sud.gov.kz/kaz/content/sudyalyk-dep-kodeksi> (application date: 05.04.2021).
18. T. Burbayev «Modern judicial system and new paradigms of legal culture» // «Lawyer» Law Bulletin of the Republic of Kazakhstan. - 2020. - №3 (224). - P. 10-12
19. Environmental Code of the Republic of Kazakhstan dated January 9, 2007 [Electronic resource] - Available at: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (application date: 05.04.2021).

20. «Two weeks to stabilize the situation» The President gave specific instructions at an enlarged meeting of the Government // National Republican Newspaper «Egemen Kazakhstan»: Electronic resource] - Available at: // <https://pdf.egemen.kz/pdfs/2020/07/13.07.20.pdf>

21. Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025 // Official website of the President of the Republic of Kazakhstan: [Electronic resource] - Available at: // https://www.akorda.kz/en/official_documents/strategies_and_programs

22. The First President of the Republic of Kazakhstan Nazarbayev's Address to the people of Kazakhstan «Growth of the well-being of Kazakhstanis: increasing income and quality of life» published on October 5, 2018 // Almaty regional socio-political youth newspaper «Zhetysu University». - 2018. - №10 (175). P. 4

23. Catalog of elective disciplines in the specialty 6B1101 - «Tourism» 2019 // <http://zhgu.edu.kz>.

24. Republican headquarters. BaigulovTolegen.Head of the Republican project office «Adaldyqalany» [Electronic resource] - Available at: // <https://adaldyqalany.kz/en/about>

25. In accordance with the agreement between the Anti-Corruption Agency of the Republic of Kazakhstan (Anti-Corruption Service) and the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan in November 2019, the project office «Ministry of Culture and Sports - Square of Integrity» was established and operates. [Electronic resource] - Available at: // <https://kazhimukansportmektebi.kz/en/o-shkole/adaldy-alany>

26. Statistics for the years (2019-2021) [Electronic resource] - Available at: // <https://adaldyqalany.kz/en/about/report?year=>

27. Meeting of the Rector in the format of «open space» [Electronic resource] - Available at: // <https://kaznpu.kz/en/7144/news/>

28. Officially opened project office «Taldyqorgan - AdaldyqAlany» and front office «Open Taldykorgan» [Electronic resource] - Available at: // <https://ru.taldykorgan-online.kz/2020/01/22/ofitsialno-otkryityi-proektniyiy-ofis-taldyqorgan-adaldyq-alany-i-front-office-open-taldykorgan/>

29. Project office «Sanaly Urpak» was opened at our university // <http://old2.zhgu.edu.kz/index.php?newsid=8172>

30. The concept of the project «Legal culture», adopted on the basis of the special project «Legal consciousness - a refuge for society» in the framework of the program article of the First President of the Republic of Kazakhstan - the Leader of the Nation N.Nazarbayeva «Look into the future: modernization of public consciousness» [Electronic resource] - Available at: // <https://www.nkzu.kz/files/rukhani/specialprojects/kaz/madeniet.pdf> (application date: 05.04.2021).

31. The Fundamentals of the State Policy of Russia in the Development of Legal Literacy and Legal Awareness of Citizens Approved // <http://kremlin.ru/events/president/news/page/587>

32. V.A. Shestak, E.A. Rogov «Peculiarities of legal culture of youth in the USA» // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-pravovoy-kultury-molodezhi-v-ssha> P. 312

33. The full text of President of the Republic of Kazakhstan K.Tokayev's article «Independence is the most precious thing» published on January 5, 2021 // <https://informburo.kz>.

Авторлар туралы мәліметтер:

Жумагулов Т.Б. - негізгі автор, философия докторы (PhD), Құқық және экономика факультеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан.

Дарибаев Ғ.С. - заң ғылымдарының магистрі, «Білім» гуманитарлы-техникалық колледжінің құқық және экономика негіздері пәндерінің оқытушысы, Талдықорған, Қазақстан.

Zhumagulov T.B. - Ph.D., Department of Law and Economics, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.

Daribayev G.S. - Master of Law, lecturer of the basics of law and economics, «Bilim» Humanitarian Technical College, Taldykorgan, Kazakhstan.